

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

31. 03 2022
№ 1

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 11

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары
бірлескен отырысының қаулысы**

Нұр-Сұлтан қ.

2022 жылғы 31 наурыз

**Жергілікті атқарушы органдың
Нұр-Сұлтан қаласында халықты
тасымалдауды ұйымдастыру
және қоғамдық көлік қызметі
жөніндегі жұмысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары жергілікті атқарушы органдың Нұр-Сұлтан қаласында халықты тасымалдауды ұйымдастыру және қоғамдық көлік қызметі жөніндегі жұмысы туралы ақпаратты тыңдал және талқылап, төмендегілерді атап өтеді.

Елорданың қоғамдық көлік жүйесінде 6 автобус паркі қызмет көрсетеді, оның ішінде 1 коммуналдық және 5 жеке меншік. Қоғамдық көліктің маршруттық желісі 95 маршруттан тұрады, оның ішінде 70 қалалық және 25 қала маңындағы қатынастар. Жылжымалы құрам 1109 автобустан тұрады (резервті және жоспарлы жөндеуді ескере отырып). Күн сайын тасымалдау қызметіне 886 автобус шығады.

2021 жылдан бастап маршруттық желі мен көлік инфрақұрылымын жақсарту бойынша бірқатар кешенді іс-шаралар жүргізілді:

1. 6 жаңа маршрут іске қосылды (№№ 26, 30, 43, 45, 69, 323);
2. 20 маршруттың схемасы жақсартылды (№№ 3, 15, 15a, 21, 22a, 28, 34, 35, 36, 45, 46, 47, 54, 60, 69, 70, 71, 314, 322, 316);
3. 31 көше мен 18 участкеде көлік мәселелері шешілді және көлікке қолжетімділік аймағы кеңейтілді;
4. Автобустар саны 80 бірлікке, 806-дан 886 бірлікке дейін ұлғайтылды;
5. 9 маршруттағы жылжымалы құрам жаңартылды (№№ 4, 7, 17, 21, 23, 25, 31, 40, 41, 48, 50, 64);
6. Маршруттарды өзгерту және жаңа маршруттарды іске қосу есебінен қаланы көлік қызметімен қамту кеңейтілді;
7. 21 аялдама пункті кіру және отырғызу аландарымен жайластырылды;

8. 32 жылы аялдама павильоны, темір/шыны түріндегі 8 павильон орнатылды;

9. 11 санитарлық аймақ және 4 бұрылу алаңы жайластырылды.

Бұгінгі таңда Bus Lane жалпы ұзындығы 73,6 км. көшелердің 26 участкесінде енгізілген, соның есебінен маршруттық желінің «көліктік тірегі» қалыптастырылды, оның қамтуы маршруттардың барлық ұзақтығының 18%-ын құрайды.

2021 жылы бөлектелген Bus Lane жолақтары көшелердің 8 участкесіне енгізілді - бұл Тұран, Қабанбай батыр, Ұлы Дағы, Байтұрсынов, Нәжімеденов, Түркістан, Абылай хан (қарбалас кезінде) және Мұхамедханов көшелері мен даңғылдарының участкелері.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШІЖК «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» МҚҚ (iКОМЕК109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес, келіп түскен өтініштер саны бойынша қоғамдық көлік санаты жетекші орындардың бірінде. 2021 жылғы 1 қантардан бастап 2022 жылғы 28 ақпанға дейінгі кезеңде қоғамдық көлік мәселелері бойынша елорда тұрғындарынан келіп түскен 44 мыңнан астам шағымдар мен ұсыныстар тіркелген.

Шағымдар мен арыздардың көшілігі - 12 мыңнан астам өтініш «Кесте интервалының сақталмауына» қатысты түскен. Бұдан басқа, тұрғындар «Балансты қайта толтыру» санаты бойынша көлік карталарының теңгерімін толтыруды жиі қындықтарға тап болады, бұған қатысты 6 мыңнан астам өтініш тіркелген.

Мәселен, құрылыш қарқынын және қала аумағының кеңеюін ескере отырып, тұрғындардан Шыңғыс Айтматов, Сығанақ және Қайым Мұхамедханов көшелерінің қылышында қосымша маршруттарды іске қосу туралы өтініштер үнемі түсіп тұрады. Аталған көшелерде өте көп жаңа үйлер, ғимараттар салынып, тұрғындар саны артып келеді. Әсіресе, «Жағалау ауданының тұрғындарын адамға лық толы автобустар мәселесі алаңдатады.

Сонымен қатар, көптеген шағымдар мен ұсыныстар № 32, № 47, № 1, № 34, № 60 маршруттарындағы автобустар санына қатысты түседі, бұл автобустар қарбалас уақытта лық толы болады. Тұрғындар өздері құткен автобустарға сыймай қалатын жағдайлар кездеседі.

Тұрғындардан автобустардың техникалық жағдайына қатысты шағымдар да үнемі түсіп тұрады. Елорданың іскерлік орталығы арқылы қатынайтын № 53, № 70 автобус маршруттары ескірген және материалдық жағдайы нашар. Көбінесе осы бағыттағы автобустарда кондиционерлер жұмыс істемейді, есіктердің ашылу және жабылу механизмдерінің тозуына байланысты қатты шу шығарады.

Бұдан басқа, тұрғындардан Мәңгілік Ел даңғылдарының бойымен әуежайға қарай жүретін маршрутты іске қосу туралы ұсыныстар жиі түседі. Қолданыстағы маршруттар аталған даңғылды ішінара ғана қамтиды.

Жария тыңдауларға дайындық шеңберінде депутаттар аталған проблемалық маршруттар бойынша жүріп өтті, оның барысында халықтың шағымдары расталды.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Жергілікті атқарушы органын Нұр-Сұлтан қаласында халықты тасымалдауды ұйымдастыру және қоғамдық көлік қызметі жөніндегі жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Жергілікті атқарушы органға:

ағымдағы жағдайды егжей-тегжейлі зерттеу, инженерлік желілерді тарта отырып, соңғы аялдамалардағы бұрылу алаңдары мен санитарлық аймақтарды абаттандыру бойынша қаржылық есептеулермен кешенді жоспар әзірлеу;

автобустарда билетсіз жол жүру жағдайларының санын азайту бойынша, оның ішінде қоғамдық көлікте жол жүрудің 100% төленуін қамтамасыз ететін қалаішілік жүйені құру бойынша жүйелі ұсыныстар енгізу;

шығыстарды субсидиялауды ескере отырып, таяудағы үш жылға арналған автобус парктерін дамыту жоспарларын дайындау;

әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін қайта қарau және мәслихатқа енгізу;

жылы аялдамалардың құнына инженерлік желілерге қосуды енгізу;

жолаушылар және көлік ағынын талдау, жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасына ұсыныстар енгізу;

мәслихат депутаттарының қатысымен қоғамдық көлікте жол жүру ақысын төлеу және жолаушылар ағынын есепке алу жүйесі жұмысының тиімділігіне талдау жүргізу және отандық және халықаралық тәжірибелі ескере отырып, оны жетілдіру алгоритмін әзірлеу;

сатып алынатын автобустардың мүгедек адамдар үшін жайлышының, экологиялығының сақталуын және отандық өндірушілерге басымдық беру түрғысынан бақылауды қамтамасыз ету;

тиісті материалдық базасы және автобустар мен басқа да көлік құралдары үшін жабдықталған автодромы бар жүргізушілердің біліктілігін арттыру орталығын дамыту мүмкіндігін қарастыру;

проблемалық, шамадан тыс жүктелген маршруттар бойынша маршруттар, қоғамдық көлік бірліктерінің санын ұлғайту;

ескірген автобустарды жаңа модельдерге ауыстыру, маршруттар кестесінің аралығын қысқарту;

МЖӘ жобалары есебінен автобус парктерін толықтыру мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар енгізу;

трафикті басқарудың бірыңғай орталығын енгізу, «ақылды жол», «ақылды бағдаршамдар» жүйесін жетілдіру;

акылды GPS жүйесі координаттарын енгізу арқылы бағдарламалық жасақтаманы жетілдіру;

автобустардың техникалық жағдайын бақылауды уақытылы қамтамасыз ету;

автобус парктерін жоспардан тыс тексеруді жандандыру;

жедел жәрдем машиналары мен автобустарды бейнекамералармен қамтамасыз ету және жол жүрісі қағидаларының бұзылуы туралы уәкілетті органдарға деректер беру жөнінде шаралар қабылдау;

елорда тұрғындарының қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік обьектілерге кірме және жаяу жолдарды жабдықтау;

таблоның үздіксіз жұмыс істеуі үшін баламалы энергияны пайдалану үсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша акпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде үсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылышы, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**

Б. Котырев

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**

В. Сергеев

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
зандалия, құқық тәртібі және жүртшылықпен
жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**

Н. Копешов

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

А. Табулдина